

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
Е 31

*Баспаға ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (Хаттама №12. 25.07.2016) және
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған (Хаттама №4. 13.07.2016)*

Пікір жазғандар:

философия ғылымдарының докторы, профессор **Г.К. Абдигалиева**
философия ғылымдарының докторы, профессор **З.Н. Исмагамбетова**

Еділбаева С.Ж.

Е 31 Білім беру: модерн және постмодерн кеністігінде: моно-
графия / С.Ж. Еділбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
– 311 б.

ISBN 978-601-04-2384-8

Монография білім беруді оның модерннен постмодернге ауысуына байланысты философиялық дискурсы тұрғысынан зерттеуге арнады. Жаһандастыру және ақпараттық ортаның дамуы қазіргі заманғы адам болмысын негіздеуде білім беру басты мәнге ие екендігін көрсетті. Философиялық-танымдық рефлексия қажеттігі постмодерн заманындағы білім берудің ғаламдық дағдарысынан шығу жолдарын іздестіру барысында туындаған. Монография оқытушыларға, аспиранттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ адам мен қоғам дамуындағы білім беру мәнін тереңірек білгісі келетін барша жұртшылық қауымға арналады.

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

© Еділбаева С.Ж., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

ISBN 978-601-04-2384-8

КІРІСПЕ

Білім беру мәселесі – қазіргі заманғы көкейкесті тақырыптардың бірі. Қазақстан ғалымдарының философиялық дискурсында оған маңызды мән беріледі. Бұл бүгінгі ақпараттық кеңістік жағдайында білім берудің негізгі рөлге ие болып отыруына байланысты.

Адамзат қызметінде білімнің қолданылу аясы мейлінше кеңейе түсуіне сәйкес, классикалық білім беру туралы, оның деңгейі мен стандарттары, мазмұны, функциялары жөніндегі, жалпыға ортақтығы жайлы түсініктер де өзгерді. XX ғасыр 90-шы жылдары сонынан бастап білім беру және оның даму перспективалары бүкіл әлемде талқылаулар мен белсенді зерттеулер тақырыбына айналды. Бұл қоғамдық өзгерістермен байланысты еді. Сол өзгерістер білім беру болашағын сапа мәселесі етіп алға қойды.

Білім беруді қызмет ретінде сындарлы түрде талқылау барысында оның міндеттері, мазмұны, мақсаттары туралы, субъекті мен сәйкестікке байланысты дағдарыстар, жалпы білім беру ісін жетілдірудегі проблемалық аспектілер жайлы пікірталас өрбиді. Бұл Ағарту ілімі академиялық білім алудың алғышарты ғана емес, сонымен бірге өз аясына мұнан да гөрі маңызды нәрселерді қамти-